


Е-Bind - 25/30 түптеу машинасын пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Түптеу машинасын пайдаланар алдында пайдалану жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.

I. Түптеу машинасының құрылымы




- 1- Шеттерді реттегіш
- 2- Тесу тереңдігін реттегіш
- 3- Пышақтарды сөндіретін пуансондар
- 4- Серіппені ашу тұтқасы
- 5- Желілік баусымның ұяшығы
- 6- Желілік ажыратқыш
- 7- Сақтандырғыш
- 8- Металл тарақ
- 9- «Іске қосу» батырмасы
- 10- Қоқысқа арналған астау
- 11- «Іске қосу» басқышы

II. Түптеу машинасын орнату

- Түптеу машинасын қатты жұмыс бетке орнатыңыз;
- Серіппені ашу тұтқасын бекітетін бұранданы бұраңыз және шешіп алыңыз;
- Серіппені ашу тұтқасын өске қатысты бұрандамен бекітіңіз;

III. Жұмыс тәртібі

А) Тесу.



Машинканы желелік ажыратқышпен іске қосыңыз.

1. Тесу тереңдігін реттегішімен тесудің қажетті тереңдігін орнатыңыз.
2. Қағаз шеттерін реттегішпен парақтардың шеткі жайғасымын орнатыңыз.

Тесу тереңдігін және шеттерді мұқабалар мен ішкі парақтар үшін шеттер шектегішімен жеке түзетіңіз, өйткені шеттер сәйкес келмеуі мүмкін.

3. Құжатты қағаз беру терезесіне орналастырыңыз, шеттерді парақ шеттерін реттегішінің көмегімен тегістеніз.

4. «Іске қосу» батырмасын немесе «Іске қосу» басқышын басып, тесуді жүргізіңіз

Баптаудың дұрыстығына көз жеткізіңіз, сынамалық тесуді жүргізіңіз.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Бір мезгілде 22 парақтан (80гр) артық тесу керек.

Мұқабаларды және ламинатталған парақтарды бір-бірден парақтарсыз тесу керек.

Тесуді 15-20 минут ішінде үзіліссіз жүргізгеннен кейін, қозғалтқышты бқып алмау үшін, машинаны 40 мин. сөндіріп қойыңыз.

Б) Түптеу.



5. Серіппені металл тараққа кигізіңіз.
6. Серіппелерді ашу тұтқасын өзіңізге қарай тартып, серіппені ашыңыз.
7. Тесілген парақтарды серіппеге кигізіңіз.
8. Серіппені ашу тұтқасын бастапқы жайғасымға қайтарып, серіппені жабыңыз.

9. Түптелген құжатты шешіп алыңыз.



4783161

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Қоқысқа арналған астаудың толып кетуіне жол бермеу үшін оны мерзімді түрде сілкіп тазалып отырыңыз.

IV. Техникалық сипаттамалары

Түптеудің түрлері:	Пластик серіппе
Түптеудің максималды қалыңдығы	500 парак
Серіппенің максималды диаметрі	51
Тесудің максималды қалыңдығы	22 парак (80гр)
Тесу тереңдігі	3-9 мм
Машинаның қуаттануы	220V 50HZ
Машинаның габариттері	400 x 400 x 300 мм
Салмағы	21 кг

V. Кепілдікті міндеттемелер.

Түптеу машинасына берілетін кепілдік – сатып алынған күннен бастап 12 ай, тұтынушының кінәсінен, сондай-ақ аппаратты дұрыс тасымалдамау, пайдалану және оны сақтау салдарынан туындаған механикалық немесе өзге де зақымданулар болмаған жағдайда.

Өндіруші мәлімдеген сипаттамалар (қаптау қорапта, пайдалану нұсқаулығында немесе анықтамалық-жарнамалық ақпаратта көрсетілуі мүмкін болатындар) пайдаланылмаған кескіш бастиектері, пуансондары және бұйымның басқа кескіш бөліктері бар жана өнімге жататынын хабарлаймыз. Пайдалану барысында: қағазды кесу, қағазды тесу немесе тесіктер жасау - кескіш жиектерінің мұқалыуы орын алады, бұл өндіруші мәлімдеген өнімнің сипаттамаларының төмендеуіне әкеледі, бұл ақау болып табылмайды, кепілдік жағдайы ретінде қарастырылмайды және өнімнің жылдам тозатын бөліктерінің табиғи тозуына жатады. Сонымен қатар мерзімінен бұрын тозуға, механикалық бұзылуларға жол бермеу үшін және қызмет ету мерзімін ұзарту үшін бұйымға түсетін жүктемені өндіруші мәлімдеген максималды мәндерден 30 – 35 % азайту қалау ұсынылады.

Өндіруші: Rayson Electrical MFG.LTD
Райсон Электрикал МФГ.ЛТД, Китай
Мекенжайы: TangCun Industrial Estate, NanHai Foshan, GuangDong, China
ТангКун Индастриал Эстейт, НанХай Фошань, ГуангДонг, Қытай

Қытайда жасалған.